

Студенттік өзін-өзі басқару қызметін ұйымдастыру туралы ЕСЕП

Құрметті, төраға, құрметті ғылыми кеңес мүшелері, назарларыңызға университеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы туралы есепті ұсынуға рұқсат етіңіздер.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашақ жастардың қолында» деп айтқандай қазіргі қоғамда жастардың алар орны ерекше. Жастар - еліміздің әлеуметтік, экономикалық және қоғамдық өмірінің барлық салаларына қатысуы жағынан алғанда, болашағы зор қоғамның маңызды бөлшегі. Оның дәлелі - мақсатшыл, болашаққа шүбәсіз сенімді, мойымас жігерлі, кез-келген істі қолға алуға құлшынысы жеткілікті жастардың билік ісіне араласуына толық мүмкіндік берілуі және оны жүзеге асырудың негізі болып табылатын студенттік өзін-өзі басқару ұйымы.

2005 жылдан бастау алған студенттік өзін-өзі басқару ұйымының құрамына алты факультеттің студенттік деканаты, студенттік кеңес төрағалары, студенттік клубтар мен бірлестіктердің жетекшілері, атаулы шәкіртақы иегерлері, жасыл ел және студенттік құрылыс жасағының командирлері кіреді.

Қазіргі таңда университетімізде **4573** студент күндізгі бөлімде білім алып жатыр. Ол облыс жастарының **3,3 пайызын** құрап отыр. Университет студенттерінің **3253-і** қалада, **1320-сы** университет жатақханаларында тұрады.

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы білім, ғылым, мәдени бағыттағы іс-шараларды ұйымдастырып, университетішілік, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі шаралардың өтуіне ат салысып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Білім және ғылым бағытындағы шараларға студенттердің қатысуы

Оқу жылы басында студенттік өзін-өзі басқару қызметін ұйымдастыру туралы студенттік ректор мен студенттік декандардың жылдық жұмыс жоспары құрылып, соған сәйкес жұмыстар атқарылды. Әр факультетте жастар ісі жөніндегі комитеттің қатысуымен айына бір, студенттік деканаттың қатысуымен аптасына бір рет топ басшылары мен белсенді студенттерге арналған жиналыс өтеді. Күн тәртібінде айлық, апталық жұмыс барысы, студенттердің оқу үрдісі мен қоғамдық шараларға қатынасуы талқыланады. Студенттің алған білімін нақтылап оқу үлгерімін көрсететін меже, бұл емтихан болып табылады. Емтихан кезінде болуы мүмкін келеңсіз жайттардың алдын алу мақсатында 2005-2006 оқу жылынан бастап, университетіміздің студенттік өзін-өзі басқару бөлімі құрылғаннан университет ректорының бұйрығымен жыл сайын қысқы және жазғы емтихан барысын қадағалайтын жемқорлыққа қарсы комиссия құрылып, аталған комиссияның құрамында студенттік өзін-өзі басқару мүшелері әр сессия сайын тексеру жұмыстарын жүргізеді, әрбір бөлімге бақылаушы

ретінде тағайындалады. Жұмыс нәтижесінде қорытынды жасалып, университет ректоратына ұсыныстар беріледі. Биылғы оқу жылында да комиссия құрамы жасақталып өз жұмысын жалғастыратын болады. Университетіміздегі іс-шаралардың барлығында да студенттік өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері қызмет атқарады.

- 2018 жылы 16 қараша күні БҚО Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, «Ақжайық КВН лигасы» ЖҚБ-ның ұйымдастыруымен өткізілген **«Жаңа толқын-2018»** облыстық студент жастар фестивалінде жалпы командалық есепте 1-орынға ие болдық.
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы студенттердің жетістіктерін айқын көрсетеді олардың оқуда, ғылымда және қоғамдық жұмыстардағы жетістіктері жыл сайын Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қорының стипендиясына арналған республикалық байқауға қатысуға үлкен септігін тигізеді. Бүгінгі таңда 2013 жылдан бастап 9 студент Тұңғыш Президенттің Қорының стипендиаты атанып, биылғы жылда сол дәстүр жалғасын тауып, филология факультетінің студенті Кемешова Айша Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қорының стипендиясы иегері атанды.
- Халықаралық студенттер күнінен орай жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері арасында өткізілген облыстық **«Smart Students»** зияткерлік ойынында студенттік өзін-өзі басқару ұйымы 1-орынға ие болды.
- Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриялық – инновациялық даму басқармасының ұйымдастыруымен «Жастардың үздік инновациялық бизнес жобасы» атты байқауы өтті. Оған тарих, экономика және құқық факультетінің студенттері А.Сайлауов, О.Идеятовалар қатысып Алғыс хатпен, А.Куанышалив 1-орынды жеңіп алды.
- Елордасы Астана қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті кітапханасында патриоттық тәрбиеге арналған дәстүрлі түрде өтетін «Рухани жаңғыру: Болашаққа бастар жол» тақырыбындағы семинарға университет ректоратының үш жыл қатарынан қолдауымен 24 студент қатысты. Студенттеріміз маңызды патриоттық бағытта дайындалған дәрістер, тренингтер мен практикалық интерактивті сабақтар тыңдады. Семинар-тренингтің қорытындысында Елбасы кітапханасы директорының орынбасары Ботагөз Каипова студенттерімізге сертификаттар мен естелік сыйлықтарды тарту етті.
- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Ақтөбе қаласы М.Оспанов атындағы БҚММУ-де өткен «Тарихи тұлғалар тағылым» атты республикалық пікірсайыс турнирінде тарих, экономика және құқық факультетінің студенттері Шамқұлова Гауһар, Шайқы Ақерке жүлделі ІІІ орынды иемденді.
- ҚР Мемлекеттік гимні авторларының бірі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қазақтың көрнекті ақыны Жүмекен Нәжімеденов атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық байқауында «Филология»

факультетінің 2-курс студенті Дәулет Қуанышбайұлы жүлделі ІІІ орын иегері атанды.

- Елордамыз Астана қаласында өткен «Тілдарын» республикалық олимпиадасында филология факультеті «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 3-курс студенті Даулетова Мөлдір І орын иегері атанды.
- Талдықорған қаласында өткен «Ілияс әлемі» атты дәстүрлі республикалық студент жастар фестивалі аясында өткен жыр мүшәйрасында университетіміздің филология факультетінің 4-курс студенттері Мәрлен Ғылымхан және Мадияр Төлеуов топ жарды. Айта кетейік, бұлардың екеуі де осындай жыр додаларында бас бәйге алып жүрген талантты студенттер.
- Жоғарғы оқу орындары студенттерінің Х республикалық студенттік пәндік олимпиадасында университетіміздің жаратылыстану-география факультетінің «География» мамандығының студенттері жүлделі ІІІ орын, тарих, экономика және құқық факультетінің «Әлеуметтану» мамандығының студенттері жүлделі ІІІ орын, мәдениет және өнер факультетінің «Мәдени тынығу жұмысы», «Сәндік өнер», «Кітапхана ісі» мамандығының студенттері ІІІ орын, педагогика факультетінің «Педагогика және психология», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенттері жүлделі ІІІ орын иеленсе, «Бастапқы әскери дайындық» мамандығының студенттері пәндік олимпиадада топ жарып І орынға ие болды.

Мәдени бағыттағы студенттердің іс-шаралары

1. Жаратылыстану-география факультетінің студенттік деканаты (факультет студенттік деканы Ғинатуллин Саят).

Факультеттің студенттік деканаты университет студенттері арасында «ЖАС ДАРЫН», «UNIVER QUEST» жобаларын ұйымдастырды.

«ЖАС ДАРЫН» факультет студенттерінің шығармашылық байқауына 200 студент қатысты. Қорытындысында бір аптаға созылған байқау 6 аталым бойынша өткізіліп үздік деген студенттер марапатталды.

Университет студенттері арасында өткізілген «UNIVER QUEST» ойынына 100 студент қатысты. Қорытындысында 6 факультеттің құрама командалары ереже бойынша межелерді белгілі уақытта бағындырып, үздік нәтиже көрсеткен командалар дипломдармен, естелік сыйлықтармен марапатталды.

2. Филология факультетінің студенттік деканаты (факультет студенттік деканы Мамбетова Гүлжайна).

Факультеттің студенттік деканаты университет студенттері арасында «JAS STAR» шығармашылық жұмыстар байқауын, «Ұлы дала дарыны» жобасын ұйымдастырды.

«Ұлы дала дарыны» жобасы негізінде 150 студент қамтылды. Қорытындысында бір аптаға созылған жобада бес аталым негізінде сайыстар ұйымдастырылды. (*шығармашылық эссе, патриоттық ән, интеллектуалдық сайыс, пародия, көркем сөз оқу шебері*), үздік деген

шығармашылық жұмыстар алғыс хаттар мен естелік сыйлықтармен марапатталды.

«JAS STAR» шығармашылық жұмыстар байқауында қатысушылар үш аталым негізінде (*үздік прозалық шығарма, үздік поэтикалық шығарма, үздік интернет жариялым*) сынға түсті. Сайыс нәтижесінде 50 студент қамтылды, үздік деп танылған студенттер алғыс хаттар мен естелік сыйлықтармен марапатталды.

3. Физика-математика факультетінің студенттік деканаты (факультет студенттік деканы Құспанова Айзат).

Факультеттің студенттік деканаты университет студенттері арасында «ROYAL BALL» балын ұйымдастырды.

«ROYAL BALL» балына 50 студент қатысты. Қорытындысында үздік деп танылған жұптар балл ханзадасы мен ханшайымы атына ие болды және I,II,III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

4. Педагогика факультетінің студенттік деканаты (факультет студенттік деканының м.а. Самиғоллаев Ерқанат).

Факультеттің студенттік деканаты факультет студенттері арасында «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰП» кешін ұйымдастырды.

«ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰП» кешіне 20 студент қатысты. Қорытындысында үздік деп танылған жұптар «Жұлдызды жұп», «Көрермендер көзайымы», «Білімді жұп», «Өнерлі жұп» аталымдарына ие болды және дипломдармен, естелік сыйлықтармен марапатталды.

5. Тарих, экономика және құқық факультетінің студенттік деканаты (факультеттің студенттік деканы Ешекеев Тлек).

Факультеттің студенттік деканаты университет студенттері арасында «НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?» интеллектуалды сайысын ұйымдастырды.

«НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?» интеллектуалды сайысына 40 студент қатысты. Қорытындысында 6 факультеттен қатысқан студенттер арасынан үздік нәтиже көрсеткен командалар дипломдармен, естелік сыйлықтармен марапатталды.

6. Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканаты (факультеттің студенттік деканы Садиков Нұрсұлтан).

Факультеттің студенттік деканаты университет студенттері арасында дәстүрлі түрде өтетін «ТАЛАНТ», «БҚМУ STUD LIGA» жобаларын ұйымдастырды.

«ТАЛАНТ» жобасында 150 студент қамтылды. Қорытындысында төрт күнге созылған жобада концерттік шоу бағдарламалар ұсынылып, үздік деген шығармашылық жұмыстар алғыс хаттар мен естелік сыйлықтармен марапатталды.

«БҚМУ STUD LIGA» маусымдық жайдарман ойындарында 50 студент қамтылды. 6 факультет студенттерінен құралған жайдарман топтары 1/8 ойындарында сынға түсті. Сайыс нәтижесінде үздік деп танылған жайдарман топтары $\frac{1}{4}$ ойынға жолдама алды.

Университеттегі жастар ұйымдарының жұмысы

1. **«Жас Отан» ЖҚ қызметінің мәні** - қоғамның саяси өміріне қатысу. «Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру болып табылады. Қалалық, облыстық штабтармен байланыс жасайды. «Жас Отан» Жастар қанаты ұйымдастырып отыратын акциялар қатарына соғыс ардагерлері мен тылда еңбек еткен ардагерлерге көмек көрсету, қаланы абаттандыру, балалар үйі және қарттар үйінде көмек көрсету жұмыстарын атқару студент жастар арасында маңызды орынға ие. Осы жылы сәуір айында университетіміздің студенттері Қонысбаев Абылай, Ықсанова Зарина, Байымбетов Райымбек, Шамғалиев Ерлік облыс делегаттарының қатарында болып Астана қаласында өткен Жас Отан ЖҚ-ның IV съезіне қатысып келді.
«Жас Отан» ЖҚ-ның университеттегі бөлімше жетекшісі Аяп Жарас.
2. **БҚМУ «Ақиқат» пікірталас жастар қоғамдық бірлестігі** бүгінгі таңда университет студенттерін бір арнаға тоғыстырған диалогтік алаң болып табылады. Талқыланатын тақырыптар бүгінгі күнде маңызды, студент жастар арасында қызығушылық туғызады. «Ақиқат» пікірталас орталығы қазіргі таңда облыстағы жоғары, арнаулы оқу орындарымен қатар мектептермен де белсенді түрде бірлесе жұмыс атқарып келеді.
БҚМУ «Ақиқат» пікірталас жастар қоғамдық бірлестігінің президенті Шайқы Акерке
3. **«Жаңғыру жолы» студенттік клубы** - студент жастарды қазақстандық патриотизмге, шыдамдылыққа, достыққа тәрбиелейтін студенттік клуб.
«Достық» студенттік клубы – өзі құрылған кезден бастап факультет, университет және облыстық деңгейдегі түрлі шаралардың қатысушылары және ұйымдастырушылары. Оқу жылына арнайы бекітілген «Достық» клубының жоспарының негізінде аталған бағыттардағы іс-шаралар ұйымдастырылып, университеттегі және қала мен облыстағы ынтымақ пен татулық саясатын жүзеге асыруда. **«Жаңғыру жолы» студенттік клубының төрағасы Лукпанова Айгерим.**
4. **«Қыз Жібек» қыздар клубы** қазақ қызын ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық сияқты жан-жақты ұлттық қасиеттерге тәрбиелейді. Ақжайықтың Ақ шағаласы Ақұштап Бақтыгерейқызы университеттің «Қыз Жібек» қыздар клубымен кездесіп, әдебиет және өнер шығармаларына сүйене отырып, тыңдаушылар арасынан қазіргі заман қызының бейнесін кескіндеу мақсатында әңгіме өрбітті.
«Қыз Жібек» қыздар клубының төрағасы Мұратқабылова Анар.
5. **«БҚМУ ЖАЙДАРМАН»** шығармашылық тобы - бірнеше телевизиялық жобаларда университетіміздің атын шығарып, намысын қорғап жүрген танымал жайдарман топтарының басын қосатын орта. Жайдарманшылар университетішілік, қалалық, облыстық, республикалық жобаларда топ жарып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Әзілге жақын, авторлық қасиеті бар талай жастардың бағын ашқан орта. «ТАЛАНТ» жайдарман тобы Шымкентте өткен республикалық ашық телевизиялық маусымдық

лиганың финалдық кезеңіне жолдама алды. «МҰРАГЕР» жайдарман тобы Маңғыстауда өткен республикалық ашық лиганың жеңімпаздары. Бүгінгі таңда университетімізде 70-тен астам студент жастар білім мен өнерді қатар алып жүр.

- 6. «Мұрагер» студенттік театры** 2006 жылы құрылған театр репертуарында жиырмаға жуық қойылым бар. Соның ішінде «Актриса», «Тағдырмен бетпе-бет», «Көлеңке ғұмыр», «Гамлет» спектакльдері көрермен қауымының ерекше ықыласына бөленді. 2018 жылы Алматы қаласы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында өткізілген X республикалық студенттік пәндік олимпиадада «ҮЗДІК ҚОЙЫЛЫМ» аталымын иеленді. **«Мұрагер» студенттік театрының режиссері Мақсат Тұяқ.**

Студенттердің қоғамдық жұмыстармен айналысуы жөнінде ақпарат

№	Ұйымдар, студенттік клубтар, үйірмелер атауы:	Студенттер саны	
		2017-2018	2018-2019
1	Студенттік деканаттар	185	210
2	«Жас Отан» ЖҚ БҚМУ бөлімшесі	60	60
3	«Қыз Жібек» қыздар клубы	65	65
4	БҚМУ «Ақиқат» пікірталас орталығы ЖҚБ	95	110
5	«Жаңғыру жолы» студенттік клубы	40	40
6	Спорттық үйірмелер	350	420
7	Жайдарман	50	70
8	«СКЖ» және «Жасыл ел»	115	180
9	Барлығы:	960	1155

Қазақстанның 5 облысынан «Серпін» бағдарламасы бойынша біздің университетімізде 358 студент білім алуда. Биылғы жылы «Серпін» бағдарламасы бойынша 11 мамандықтан алғашқы түлектер оқуларын тәмамдады. Университет әкімшілігі серпіндіктердің академиялық ұтқырлық бойынша білімдерін жетілдіруіне және шығармашылық дамуларына үнемі қолдау көрсетіп келеді. Жыл сайын студенттер сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға бағытталған аймақтық, республикалық «Аламан» фестиваліне қатысады. Биылғы оқу жылында серпін жастары үйлестіруші Тапаева Жанерке Таулбайқызының жетекшілігімен облыстық «Аламан 2018» фестиваліне қатысып 1-орынды жеңіп алды. **«Мәңгілік ел жастары – индустрияға» «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттердің бас сардары Өнербаев Ардақ.**

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жыл бойы ұйымдастырған ауқымды шаралары:

- Университет студенттері арасында өзін-өзі басқару ұйымының ауыспалы кубогіне арналған **«STUD ENERGY»** спартакиадасы ұйымдастырылды.

- Университеттің студент жастары арасында дәстүрлі **«БҚМУ КӨКТЕМІ - 2018»** фестивалі өткізілді. Фестивальдің мақсаты университет студенттерінің әлеуметтік белсенділігін арттыру, олардың арасындағы талантты жастарды анықтау, университеттің қоғамдық өмірінде белсенділігімен танылған студенттерді ынталандыру және марапаттау.
- Университет ректоратының қолдауымен жыл сайын дәстүрлі түрде **«БҚМУ ЖҰЛДЫЗЫ»** үздіктер байқауы өткізіледі. Бұл байқау университет студенттерінің әлеуметтік белсенділігін арттыруға, олардың арасында көшбасшыларды анықтауға, университеттің қоғамдық өмірінде белсенділігімен танылған студенттерді ынталандыруға және марапаттауға бағытталған.

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жетістіктері	
2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы
2018 жылдың 27 сәуірі күні Орал қалалық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен, Шабыт ШБО ҚБ-ның ұйымдастыруымен өткен «Студенттік көктем - 2018» облыстық студенттердің шығармашылық фестивалінде жалпы командалық есепте 1-орын. Оған 6 факультеттен талантты, белсенді студенттер қатысты. Солардың қатарынан үздік деп танылғандар: «Үздік дәстүрлі ән» аталымында Набиденова Гүлдана 1-орын иегері, «Үздік эстрадалық ән» аталымында Утеген Елдос 1-орын иегері, DALIDA би тобы «Заманауи би» аталымында 1-орын иегерлері атанды. «Шежіре» ансамблі «Аспапта орындау шебері» аталымында 1-орынды жеңіп алды және т.б. шығармашыл студенттеріміз бұл фестивальде жоғары нәтижеге қол жеткізді.	2018 жылы 16 қараша күні БҚО Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, «Ақжайық КВН лигасы» ЖҚБ-ның ұйымдастыруымен өткізілген «Жаңа толқын-2018» облыстық студент жастар фестивалінде жалпы командалық есепте 1-орын. Оған 6 факультеттен талантты, белсенді студенттер қатысты. Солардың қатарынан үздік деп танылғандар: «Үздік дәстүрлі ән» Нурсеилова Мадина 1-орын иегері, «Үздік эстрадалық ән» аталымында мәдениет және өнер факультетінің студенті Исмагулова Аружан 1-орын иегері, университет студенттерінен құралған Арна би тобы «Ұлттық би» аталымында 1-орын иегерлері атанды, 6 факультеттің өнерлі жастарынан құралған «Шежіре» ансамблі «Аспапта орындау шебері» (топтық) аталымында 1-орын. «Аспапта орындау шебері» (жеке) аталымында Демеу Дияр 1-орын иегері, «Үздік жүргізуші» аталымында Қайырғалиев Ақниет және Нұртазина Анара 1-орын иегерлері атанды, «Үздік жанкүйер»

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының іс-тәжірибесі, жұмысы, ұйымның күнделікті тыныс-тіршілігі туралы ақпараттар легі әлеуметтік парақшаларда, университетішілік, қалалық, облыстық баспасөз беттерінде үнемі жарияланып, жергілікті телеарналар арқылы көрсетіліп отырады.

Осылайша, бүгінгі күні университеттің өзін-өзі басқару ұйымы 2005 жылы басталған жұмысты сабақтастықты сақтай отырып, жалғастырып келе жатқанын атап айтуға болады. Студенттік өзін-өзі басқару дамуының жағымды беталысымен қатар әлі де болса жұмыстануымыз тиіс мәселелер де бар:

- өкінішке орай, университет студенттерінің көпшілігі бір реттік шаралармен ғана шектеліп, барлығы бірдей жоо-ның қоғамдық өміріне белсене араласа бермейді;
- профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жобаларына студенттерді тарту проценті төмен;
- студенттердің IT бағдарламалар, бизнес жобалар, стартаптарды дайындауға қатысуы әлсіз;
- денсаулығында кінәраты бар студенттер санының артуымен Президенттік тестті тапсыру мәселесі ашық күйінде қалып отыр.

Сондықтан студенттік өзін-өзі басқару ұйымының атқарар жұмысы көп деп есептейміз. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін бізге белсендірек әрекет ету керек. Ол үшін:

- Жастар жылына арналған іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауында Ел басы қойған міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру;
- университеттің ақпараттық орталығы, информатика кафедрасымен бірлесе отырып, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда оқыту тренингтерін, шеберлік-сыныптарын өткізу;
- экономика және менеджмент кафедрасының жанынан бизнес жобаларды, инновациялық жобаларды дайындауды жүзеге асыратын студенттік инкубатор құру қажет.

Профессор-оқытушылар құрамының қолдауы бізге барлық жоспарларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Назарларыңызға рахмет!

Студенттік ректор

Сериккалиев Е.А.